



ық бақылауға
Әдістемелік
ің бет парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/14

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Өнеркәсіптік, азаматтық және көлік құрылыс кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫЛЫҚ АТЕСТАТТАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

5B072900 - Құрылыс мамандығы

Павлодар



Қ
нұ
қ бақылауға
істемелік
екіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/14

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор
_____ Пфейфер Н.Э.

20__ж. «__»_____

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

мемлекеттік қорытындылық атестация 5В072900 – Құрылыс мамандығының студенттеріне арналған.

Әдістемелік нұсқау 2012 ж. 23 тамызында Өкімет қаулысымен бекітілген МБС жоғары (ЖОО кейінгі) білім және мамандықтың ТОЖп, жоғары оқу орындарындағы ағымдағы үлгерімді, аралық және қорытындылық аттестаттауды қадағалаудың типтік ережелері және ҚР МЖМБС 5.03.016-2009 «Жоғары оқу орындарында диплом жұмысты (жобаны) орындаудың ережелері. Негізгі талаптар» негізінде әзірленді.

Құрастырушылар: _____ т.ғ.к., профессор Қ.Т. Сақанов
_____ т.ғ.к., профессор В.А.Козионов

Өнеркәсіптік, азаматтық және көлік құрылыс кафедрасы

ӨАЖКҚ кафедрасының отырысында ұсынылды, 20__ж. «__»_____ №____
Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____Қ.Т. Сақанов 20__ж. «__» _____

Сәулет-құрылыс факультетінің ОӘК мақұлданды 20__ж. «__» _____
№____ Хаттама

ОӘК төрағасы _____ Г.А. Жукенова 20__ж. «__» _____

КЕЛІСІЛДІ

СҚФ деканы _____ М.К. Күдерин 20__ж. «__» _____

МАҚҰЛДАНДЫ:

ТБ басшысы _____ П.О. Быков 20__ж. «__» _____

ОӘБ бастығы _____ Е.Н. Жуманкулова 20__ж. «__» _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
20__ж. «__» _____, №____ Хаттама

1 Мемлекеттік қорытынды аттестацияны өткізу мақсаттары мен міндеттері

Мамандық бойынша мемлекеттік қорытынды аттестацияны өткізудің негізі университетті бітірушілердің арнайы теориялық білімдерін және олардың тәжірибелік жұмысқа мамандығы бойынша дайындығын және білімдерін тексеру болып табылады.

Қойылған мақсатты шешу үшін қажет:

студенттердің дайындығының мемлекеттік қорытынды аттестациялаудың талаптарына сай екендігін;

студенттерінің дайындығының деңгейін мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін;

университетті бітірушілердің теориялық білімдерінің қорытынды бағасының болашақта тәжірибелік жұмыста істеп кетуіне жеткілікті екенін бағалап қорытындылау.

2 Мемлекеттік қорытынды аттестациялаудың түрлері мен ұйымдастырылуы

Қорытынды мемлекеттік аттестациялаудың түрлері: мемлекеттік емтихан және шығарушы біліктілік жұмысын қорғау.

2.1 Мемлекеттік емтихан

2.1.1 Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру

Мемлекеттік емтихан академиялық күнтүзбеде бекітілген уақытта оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады. Емтиханның алдында шолу дәрістері кеңестер бекітілген күнтүзбе бойынша өткізіледі. Емтиханға студенттер деканның өкімі бойынша жіберіледі. Мемлекеттік емтихан ректордың бұйрығымен бекітілген комиссиямен.

2.1.2 Мемлекеттік емтиханды жүргізу түрі

Мемлекеттік емтихан бітірушінің мамандық бойынша бекітілген бағдарламасымен сәйкес төрт пән бойынша тестілеу формасында өткізіледі.

Қорытынды мемлекеттік емтиханға оқу жоспары мен оқу бағдарламасы талаптарымен сәйкес білім беру үрдісін аяқтаған студенттер жіберіледі. Білім бері үрдісін аяқтаудың негізгі критерийі болып бакалавриат мамандығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарт талаптарымен сәйкес теориялық курстың қажетті көлемін оқитындармен меңгеру саналады.

Мемлекеттік емтиханға дайындалу үшін бір жұма беріледі.

Қорытынды мемлекеттік емтиханға жіберілу оқитындардың тізімі бойынша факультет деканның бұйрығымен ресімделеді және мемлекеттік аттестациялық комиссияға беріледі.

Факультет деканына мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысының кестесін құрастыру бойынша жауапкершілік жүктеледі.

Мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысының кестесі ректормен бекітілінеді және мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысы басталғанына дейін екі жұма бұрын барлығына мәлімделінеді. Мемлекеттік аттестациялық комиссия отырысының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспау керек.

Емтихан алдында тізімі әрбір мамандық үшін алдын ала бекітілген төрт пән бойынша шолу дәрістерін өткізу ұйғарылады. Әрбір пән бойынша дәріс материалдардың оқу көлемі 4 сағатты (бірақ сомасы 20 сағаттан астам емес) құрайды. Мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі оның бағдарламасының мазмұны есебімен анықталады.

Тестілеуді ТБ өткізеді. Тест тапсырмаларының нұсқалары тесттен тұратын жалпы базадан еркін тәртіпте құрастырылған ,50 сұрақтан тұрады. Тестілеу уақыты – 45 минут.

Жазбаша емтиханды мемлекеттік емтихан комиссиясы өткізеді, құрамы 4 адам. Жазбаша емтихан өткізу уақыты емтиханға енгізілген пәндердің санына байланысты 120-дан 180 минутқа дейін.

2.1.3 Білімдерді бағалау тәртібі

Білім алушылардың білімінің өлшеуіші құралы ретінде бағалар шкаласы алынады. Баллды –рейтингті әріптік жүйе 10 баллдық шкала бойынша құрылған, оған әріптік жүйе бойынша баға, оларға сәйкес баллдың сандық эквиваленті, бағаның проценттік мазмұны және дәстүрлі бағалар кіреді.

Білім деңгейіне байланысты әріптік жүйе бағалары болып ағылшын алфавитіндегі А- дан (ең жоғарғы баға) F- қа дейін (ең төменгі баға) әріптер болып табылады.

Баллдардың сандық эквиваленті болып есептеудің ондық жүйесіндегі 0 - ден 4,0 және 1,0 аралығындағы араб сандары оң бағалар және 0 – ден қанағаттанбайтын баға болып табылады.

Бағаның проценттік мазмұны проценттерде анықталады. Соның өзінде жағымды бағаларға 50% және 100% аралығындағы бағалар, қанағаттанарлықсыз бағаға – 0 –ден 49% аралығы кіреді.

Дәстүрлі баға төрт баллды шкалада «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз» бағаларынан тұрады.

Ұпайлы жалпы баға (И)	Ұпайдың сандық эквиваленті (Ц)	Әріптік түрдегі баға	Дәстүрлі жүйедегі баға (Т)
95-100	4	A	өте жақсы
90-94	3,67	A-	
85-89	3,33	B+	жақсы
75-793	2,67	B-	

70-74	2,33	C+	
65-69	2	C	
60-64	1,67	C-	
55-59	1,33	D+	
50-54	1	D	
0-49	0	F	

2.1.4 Білімді бағалау анықтамасы

Құрамды формада өткізілетін мемлекеттік емтихандар нәтижесі келесі түрде іске асырылады.

Тестілеу қорытындысын РБ береді. Тест тапсырмаларының нұсқалары бойынша жауап бағалау автоматты түрде кілттерді сәйкес қолданыла отырып іске асырылады.

«Өте жақсы» бағасына сандық эквивалентті 4,0 және проценттік қатынасы 95- 100% болатын А бағасы, сонымен қатар сандық эквивалентті 3,67 және проценттік қатынасы 90-94% болатын А- бағалары сәйкес келеді.

Аталған баға егер білім алушы бағдарламалық материалды толық игерген және тестілеу мен жазбаша емтиханда қандай да бір қате жібермеген жағдайда қойылады.

«Жақсы» бағасына сандық эквивалентті 3,33 және проценттік қатынасы 85-89 % болатын В+ бағасы, сандық эквивалентті 3 және проценттік қатынасы 80-84 % болатын В бағасы, сонымен қатар сандық эквивалентті 2,67 және проценттік қатынасы 75-79 % болатын В- бағалары сәйкес келеді. Аталған баға егер білім алушы бағдарламалық материалды 75 % кем емес меңгерген жағдайда және сонымен қатар тестілеу барысында өрескел қате жібермеген және жазбаша емтиханда толық көлемді жауап берген жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлық» бағасына сандық эквивалентті 2,33 және проценттік қатынасы 70- 74% болатын С+ бағасы, сонымен қатар сандық эквивалентті 2,0 және проценттік қатынасы 60-44% болатын С- бағасы , сандық эквивалентті 1,33 және проценттік қатынасы 55- 59% болатын D + бағасы, сандық эквивалентті 1,0 және проценттік қатынасы 50- 54% болатын D бағалары сәйкес келеді.

Аталған баға егер білім алушы бағдарламалық материалды 50 % кем емес меңгерген жағдайда және сонымен қатар тестілеу барысында өрескел қате жібермеген және жазбаша емтиханда бір сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасына сандық мәні 0 және проценттік қатынасы 0- 49% болатын F бағасы сәйкес келеді. Аталған баға егер студент бағдарламаламен қарастырылған негізгі материалды игеру барысында бос орындар қалдырса , пән бағдарласының жартысынан кемін игермеген жағдайда, тестілеу және жазбаша жауаптарында принципті қателер жіберген жағдайда қойылады.

Сонымен қатар мемлекеттік емтихан қорытынды бағасында тестілеу қорытындылардың салыстырмалы үлесі 0,4 және жазбаша 0,6 құрайды.

Мемлекеттік емтиханның қорытынды бағасы (К) төменгі өрнек бойынша тесттің (Т) және жазбаша емтиханның (Ж) көрсеткіштерін ескере есептелінеді:

$$К = Т \times 0,4 + Ж \times 0,6.$$

Мемлекеттік емтиханның ақырғы нәтижелері емтиханды өткізген күні емтихандық комиссия кеңесінен кейін студенттерге хабарланады.

2.2 Шығарушы біліктілік жұмысы ұйымдастыру және қорғау

2.2.1 Дипломдық жобалау мақсаты

Дипломдық жобалау құрылыс-бакалавр дайындау бойынша академиялық оқу үрдісіндегі қорытынды кезең болып табылады.

Оның мақсаты жүйелілік, студенттердің тәжірибелік және практикалық білімін бекіту, принциптерін және сәулеттік, есептік құрылымдық, экономикалық тапсырмалар және құрылыс технологиясы және ұйымдастыру тапсырмаларын шешумен инженерлік нысанерді кешенді жобалау тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Дипломдық жобалау үрдісінде студенттер ғимараттар мен имараттардың дайындау, жинақтау және пайдалану кезіндегі экономикалық, технологиялық дағдыларын білуді қалыптастырады.

Дипломдық жобалау түлектің тәжірибелік тапсырмаларды өздігінен шешу дайындығы барлық жағынан тексерілуі орындау үрдісіндегі студенттің шығармашылық жұмысы.

Жобадағы қабылданған барлық шешімдер үшін қызметтік жауапкершілікті студент - диплом орындаушы (дипломник) алады. Ол кафедра тағайындаған уақытта кафедра комиссия мүшелеріне дипломдық жоба тақырыбы бойынша аралық және қорытынды материалдарды қарауға ұсыну міндетті. Ғылыми жетекшінің және кеңесшінің рөлі дипломдық жобаның құрамын және көлемін анықтау, тапсырмаларды орындауды және күнтізбелік орындау жоспарның жобасын бақылау принциптерінің сұрақтары бойынша кеңес жүргізу болып табылады.

2.2.2 Дипломдық жобаның тақырыптары

Дипломдық жоба тақырыптарын кафедра ереже ретінде тәжірибелік материалдың негізінде немесе кәсіпорын тапсырыс беру негізінде анықтап және ол мемлекеттік халық шаруашылық қажеттілігінен туындауы мүмкін.

Құрылыс мамандығы бойынша жалпы дипломдық жобалау нысандары болып келесі ғимараттар мен инженерлік имараттар болуы мүмкін :

- халықтық шаруашылықтың әр түрлі салалары үшін өндірістік ғимараттар;

- қоғамдық ғимараттар;

- тұрғын ғимараттар;
- инженерлік имараттар;
- ғимараттарды қайта тұрғызу.

Дипломдық жобалау үрдісінде жаңа, салынып жатқан нысандар, сонымен қатар қайта тұрғызу және қазіргі уақытта бар ғимараттар мен имараттардың күшею жобалары жасалуы мүмкін.

Жеке күрделі инженерлік нысанілер бір уақытта бірнеше дипломшы кешенді жобаның өзіндік бөлімдерімен жұмыс жасай отыра жобалауы мүмкін.

Дипломдық жобаның тақырыбын анықтау кезінде студенттің курстық жобалау және өндірістік тәжірибедегі икемділігі, түлектің келешек жұмыс сипаты ескерілуі керек.

Дипломдық жобалар академиялық және нақты тапсырмалар не болмаса ғылыми-зерттеу тарау бар тапсырмалар бойынша орындалуы мүмкін.

Студенттердің өндірістік тәжірибелер кезінде жиналған материалдар немесе мекеме және ұйым тапсырысы (өндіріске енгізу кепілсіз) негізінде диплом жасауға академиялық тапсырмаларды шығарушы кафедра береді. Осы топқа бұрын орындалған нысандарды жобалау тапсырмалары да кіреді.

Нақты тапсырмалар студенттер дипломдық жобаларын толық немесе оның арнайы бөлімдерін орындауына байланысты жобалау мекемелерімен беріледі. Сонымен қатар жобалау нысандары нақты жобалау кезінде жобалау мекемелерінде қолданылатын, жобалау мекемесінің жоспарындағы нысандар немесе жобалары ұқсас нысандар болып табылады.

Ғылыми-зерттеу бөлімдері бар тапсырмалар ғылыми-зерттеу жұмыстарында икемділік көрсеткен студенттерге беріледі. Бұл дипломдық жоба бойынша студенттің жеке теориялық немесе эксперименталдық дипломдық жобалау кезінде немесе оған дейінгі уақытта жасалған жұмысы.

Дипломдық жобаның тақырыбы диплом алдындағы тәжірибеден бұрын студентпен таңдалып кейін университеттің ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Диплом алдындағы тәжірибе аяқталған соң дипломдық жоба (жұмыс) тақырыбы қажеттілігіне қарай нақтылануы және кафедраның ұсынысымен түзетілуі мүмкін.

Дипломдық жоба тақырыбы бекітілгеннен кейін ғылыми жетекшісі студентке дипломдық жобаны орындауға тапсырма береді және диплом орындаушы студент дипломды орындаудың күнтізбелік жоспары жұмыстарын жасайды.

2.2.3 Дипломды жобалауды ұйымдастыру

Дипломды жобалау академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Тараулар бойынша кеңес кеңесшілермен және ғылыми жетекшілермен кафедра меңгерушісімен бекітілген күнтізбесіне сәйкес жүргізілуі міндетті. Ғылыми жетекшілер 10 күнде бір рет кафедра жетекшісіне дипломды жобалау бағыты жайында мәлімет беріп отыруға тиісті. Дипломдық жобалау осы нұсқаудың және оқу нұсқау оқу құралы «Шығарушы біліктілік жұмыс. 5B072900 – Құрылыс мамандығы» негізінде жүргізілуі қажет. Қорғауға

жіберілудің алдында дипломшы кафедраға ұсынуы қажет: кеңесшілермен, нормабақылаушымен, кафедра меңгерушісімен қол қойылған дипломдық жобаның түсіндірме хатын және сызбаларын. Содан кейін осы материалдар рецензентке жіберіледі. Кафедра меңгерушісіне көрсетудің алдында дипломдық жоба плагиатқа қарсы тексеруден өтуі керек және диплом қорғаушы арнайы кафедра бойынша бекітілген жұмыс комиссиясының алдында дипломның алдын ала қорғауын өткізу қажет. Рецензияны және ғылыми жетекшінің пікірін алғаннан кейін диплом жобасы (түсіндірме хат пен сызбалары) МАК-тың хатшысына тапсырылуы керек. Қорғау біткеннен кейін дипломдық жоба МАК хатшысына беріледі, әрі қарай университеттің мұражайына тапсырылуы үшін.

2.2.4 Қорғауды ұйымдастыру

Шығарушы біліктілік жұмыс университеттің ректоры бекіткен комиссияның алдында қорғалады, ал оның төрағасы ҚР БЖҒМ бекітіледі. Дипломдық жобаны қорғау кафедра бекіткен қорғау күнтүзбесі бойынша жүргізіледі. Жобаны қорғау уақыты, орны, күні бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Қорғау ашық түрде жүргізіледі, оның ұзақтығы болжаммен 30 мин. Қорғау жүргізудің тәртібі: қорғаушының қысқаша баяндамасы 12-15 мин., оның комиссия мүшелерінің жазбаша сұрақтарына жауабы.

2.2.5 Қорғау қорытындысын бағалаудың анықтамасы

Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының ашық қорғаудың қорытынды бағалары ашық дауыспен баллды –рейтингтік білімді бағалау жүйесін пайдаланып қорытындыланады.

«Өте жақсы» бағасына сандық эквивалентті 4,0 және проценттік қатынасы 95- 100% болатын А бағасы, сонымен қатар сандық эквивалентті 3,67 және проценттік қатынасы 90-94% болатын А- бағалары сәйкес келеді.

Аталған баға егер білім алушы бағдарламалық материалды толық игерген және қорғау кезінде қате жібермей комиссия мүшелерінің сұрақтарына «өте жақсы» бағаға жауап берген жағдайда қойылады.

«Жақсы» бағасына сандық эквивалентті 3,33 және проценттік қатынасы 85-89 % болатын В+ бағасы, сандық эквивалентті 3 және проценттік қатынасы 80-84 % болатын В бағасы, сонымен қатар сандық эквивалентті 2,67 және проценттік қатынасы 75-79 % болатын В- бағалары сәйкес келеді. Аталған баға егер білім алушы бағдарламалық материалды 75 % кем емес меңгерген жағдайда және сонымен қатар қорғау барысында өрескел қате жібермеген және комиссия мүшелерінің сұрақтарына толық көлемді жауап берген жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлық» бағасына сандық эквивалентті 2,33 және проценттік қатынасы 70- 74% болатын С+ бағасы, сонымен қатар сандық эквивалентті 2,0 және проценттік қатынасы 60-44% болатын С- бағасы, сандық эквивалентті 1,33 және проценттік қатынасы 55- 59% болатын D + бағасы, сандық эквивалентті 1,0 және проценттік қатынасы 50- 54% болатын D бағалары сәйкес келеді.

Аталған баға егер білім алушы бағдарламалық материалды 50 % кем емес меңгерген жағдайда және сонымен қатар қорғау барысында өрескел қате жібермеген және комиссия мүшелерінің сұрақтарына қанағаттанарлық жауап берген жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасына сандық мәні 0 және проценттік қатынасы 0- 49% болатын F бағасы сәйкес келеді. Аталған баға егер студент бағдарламаламен қарастырылған негізгі материалды игеру барысында кейбір негізгі тақырыптарды игермегені белгілі болса, бағдарлама пәндерінің жартысынан кемін игермеген жағдайда, қорғау және комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап бергенде принципті қателер жіберген жағдайда қойылады.

ШБЖ қорытындысы студенттерге қорғаған күні жеткізілуі тиіс.

3 Қайта аттестациялауды өтудің тәртібі

Қорытынды аттестациялаудың біреуінен не болмаса екеуінен де қорғаушы студент «қанағаттанарлық емес» баға алса МАК-тың ұсынысы бойынша ол университеттен толық теориялық курсты бітіруші ретінде шығарылуы тиіс (себебі көрсетіліп). Қайтадан аттестациялауға бұрын оқыған азамат жеке өтініш ретінде қабылданады.

4 Университетті бітіру жөнінде құжатты беру

МАК-тың қорғау қорытындысы деканатқа ұсынылады. Осының негізінде университет бітірушілерге қажетті құжаттар дайындалады. Университетті бітіру жөніндегі құжаттарды студенттік кадр бөлімі береді.